

**Сбербанк қосындыланған алюминий шығаратын
Қазақстандағы жалғыз кәсіпорынды қаржыландырады**

24 сәуір 2018 жыл, Павлодар - Сбербанк «Giessenhaus» ЖШС-нің (Гиссенхаус) кредиттік желісін бекітті, ол «Павлодар» АЭА аумағында қосындыланған алюминий шығаратын Қазақстандағы жалғыз компания.

Қаржыландыру қосындыланған алюминий өндірісін ұйымдастырудың бірінші кезеңі аясында жүзеге асырылады, оның құны 5 млрд. теңгеге жуық бағаланып отыр, мұның бестен бір бөлігін (1 млрд. теңге) «Сбербанк» АҚ ЕБ қаржыландырады. Сбербанктің кредиттік желісі өндіріс үшін жабдықтар сатып алуға жұмсалады.

- Жоба бойынша біздің бизнес-серіктесіміз «Giessenhaus» ЖШС - бұл Республикада қосындыланған алюминий өндірісін бірінші болып ұйымдастырған кәсіпорын, - дейді «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма төрағасының корпоративтік бизнес жөніндегі орынбасары Ельдар Тенизбаев. - Біздің банк бір қатар мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға белсенді ат салысып келеді және ол бір жағынан қарқынды дамып келе жатқан қазақстандық экономика үшін қажетті, екінші жағынан біздің несиелік портфеліміздің сапасын арттыратын осындай жобалардың дамуына және артуына мүдделі, себебі өндіріс саласы - әрқашан көп үміт күттіретін сала.

«Giessenhaus» ЖШС-нің өнімі көптеген өнеркәсіп және техника салаларында қолданылады. Ең алдымен, алюминий мен оның қорытпалары авиация мен автокөлік саласында қолданылады.

- Қазіргі таңда «Giessenhaus» ЖШС-нің өндіріс қуатының 85%-на дейінгі көлемде қосындыланған алюминий жеткізу туралы красноярлық «КиК» компаниясымен (Ресейдегі аса ірі құйма дисктер өндіруші) ұзақ мерзімді серіктестік жайлы келісімге қол жеткізілді», - деді «Giessenhaus» ЖШС-нің өкілі Эдуард Швец . - Ол 2007 жылдан бері тұрақты түрде жеңіл қорытпалы дистер жеткізетін, соның ішінде отандық нарықта түрлі брендтердің бір қатар автокөліктерін шығаратын «Азия Авто» қазақстандық автокөлік жинақтау зауытына өнім жеткізетін сенімді серіктес. Қолда бар ақпаратқа сәйкес Қазақстанда шығарылатын автокөліктердің 29%-на дейінгі «КиК» компаниясының өнімімен жабдығталады.

Алға қойылған жоспарларды іске асыру бізге жақын арада алюминийден қайта өңделген өнімдер шығаруға, бастапқы алюминий өндірісін және экспортталатын өнім көлемін арттыруға, сондай - ақ Қазақстанның алюминийден түсетін жалпы табысын жылына 2 млрд. АҚШ долларына дейін көбейтуге мүмкіндік береді.

####

ТОО «Giessenhaus» - қосындыланған алюминийді сұйық күйінде шығаратын Қазақстандағы алғашқы кәсіпорын. Компания Еуроодақ аумағын өзінің негізгі сатылым нарығы болады деп жоспарлап отыр. ТМД, оның ішінде Ресей сатылым нарығын да келешегі зор деп қарастыруда.

«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 11 жыл табысты жұмыс істеп келеді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 4-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің

83 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 16-сы - филиал.
Банктің Орталық офісі Алматы қаласында орналасқан.

www.sberbank.kz

Қосымша ақпаратты алу үшін Сіз әрдайым төмендегі қызметкерлерге хабарласа аласыз:

«Сбербанк» АҚ ЕБ

Екатерина Купреева

+7 (727) 266 35 68, ішкі 502499.

Моб:+7 702 18 16 127

e-mail: yekaterina.kupreeva@sberbank.kz